

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 256 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 18 қазан N 240 ("Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері", 2001 ж. N 2, ст.308) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 желтоқсан N 1328 тіркелді

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық инспекция органдарынан түскен ұсыныстарға байланысты, сондай-ақ "Сертификаттау туралы" Z990434_ Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын бұйымдардың жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сондай-ақ шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары бұйымдарды пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы" V991072_ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 256 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған нұсқаулықтың 1-тарауындағы:

3-тармақтың екінші абзацындағы "Меминспекция" сөзі "Департамент" сөзімен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Облыстық, Астана мен Алматы қалаларының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі инспекциялары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары, Облысаралық мемлекеттік және мамандандырылған Теңіз инспекциялары (бұдан әрі - инспекциялар)";

2-тараудағы 7-тармақтың 2) және 4) тармақшаларының күші жойылған деп танылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"тәжірибелік бұйымдардың үлгілеріне кіргізілген (жарылыстан қорғау,

электр қауіпсіздігі, ұшқын қауіпсіздігі, дыбыс және тербеліс, электр магниттік қосылушылық және т.т.б.) дайын бұйымдардың қауіпсіздік талабына сәйкестік сертификаты".

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалауы жөніндегі департаментіне (В.В. Огловқа) жүктелсін.

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.